

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

5. Шашков В. А., Миронычева В. Ф. «Потенциал компьютерной игры как одного из средств повышения мотивации к изучению истории» // Современные научные исследования и разработки. 2018. № 12 (29). С. 1055–1056.

6. Paradox Development Studio: [Электронный ресурс] // URL: <https://www.paradoxinteractive.com/our-games/discover>

ӘОЖ 9. 94

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ ТҮСЫНДА ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ СИПАТЫ (XIX)

Жанғалиев Улан Құрметқалиұлы

e-mail: kurmetkalievich@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты.
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: Мусабалина Г.Т.

XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының көшпенді халықтардың көп бөлігі Ресей империясының орталықтанған мемлекетінің құрамына бірте – бірте ене бастаған болатын. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси құрылысы туралы зерттеулерге тән бір ерекшелік көшпелілерді адамзат өркениетінен тыс қарастыру болды [1,224-б]. Сол кездегі патша үкіметінің Орта Азияны жаулап алу жолында ең басты табыстарының бірі ол Қазақстан жерін біржолата бағындырып және оны патша үкіметінің отарына айналдырып және осы XIX ғасыр аяғында қазақ жерін толықтай бағындыруын аяқтаған болатын [2, 339-б].

XIX ғасырдың басында патша үкіметінің дәстүрлі қазақ қоғамына жүргізілген саяси-әкімшілік реформаларымен тарих бейнесін кеңейтіп өзіне ерекше қарата түсті. Осы бір ел басына түскен ауыр дағдарыс кезеңінде отаршылдық үкімет қоғымдық өмірдің алдыңғы қатарына елді саяси ынтымақтастыққа, беріктікке шақырған сұлтандар, билердің және ру басыларының қарсылығына тап болады. Нәтижесінде отаршылдық үкіметтің назарынан тыс қалып отыратын көшпелі қауымның ішкі мәселелеріне тереңінен зерттеуге және оны түсінуге тырысқан таихшы, зерттеушілердің еңбектері жарық көрді десек болады.

XIX ғасыр басында осы бағытта зерттеу жүргізіп жазбалар жазған орыс оқымыстыларының қатарына А.И. Левшин, М.Красовскийді және т.б жатқызамыз. Бұл зерттеушілердің атымен қазақ халқының, оның тарихы мен этнографиясын ғылыми түрде арнайы зерттеу басталды деп айтуға болады. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихи зерттеулерде қазақ қоғамын саяси тұрғыда аморфты, этникалық тұрлаусыз, әлеуметтік деңгейі төмен деп баға берілетіні басым болды. Сонымен қатар А.И Левшин еңбектерінен хандар билігі, халық жиналысы, «жеті жарғы» ережелері туралы мәліметтерді де кездестіреміз.

Далалық дәстүрлі мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі – мемлекет істерін өз қолына шоғырландырған ақсүйектер, сұлтандар, билер тобын ұстау. Көк тәңірінің шапағатына бөленген билеуші әулеттер туралы идея көшпелі тайпалар мен рулар ортасында саяси биліктің институционалдық негізін қалыптастырды. Бұл жерде көшпелі шаруашылықпен шұғылданған мемлекеттердің шашырап кетпеуіне жағдай жасаған өзіндік бір идеология қалыптасқан болатын. Евразия ауқымында Алаша хан, Уыз хан, Шыңғыс хан құрған “жаңа тәртіп” көшпелі мемлекеттер ірге тасына айналды және одан әрі даму барысында, Шыңғыс ұрпақтарының жоғарғы саяси билікке ие болу құқықтарын бекітті.

Отарлау саясатының салдарынан қазақ халқы материалдық жағынан ғана емес рухани жағынан да зардап шекті. Қазақ шаруашылықтарына мөлшерден тыс ауыр салықтар салынды. Қазақтарды отырықшыландыру жүйесі кері сипатта жүргізілді. Дамыту процесінің орнына елдің экономикалық жағдайын төмендету сипатында болды. Ресей империясы отырықшылықтың ежелден қалыптасқан қазақи формаларын талқандап оларды жартылай

шөлді және шөлді жерлерге немесе иесіз аймақтарға сол жерлерді игерулерін керек деп ығыстырды [3,39-41-б].

Ресейден келген орыс шаруаларының қоныстануы бүкіл қазақ жұртындағы қалыптасқан егіншілік шаруашылығын мүлдем күйретті. Сондықтан біздің ойымызша отарлау саясатында қазақтарды егіншілік бейімделуіне игі әсерін тигізді деген пікірмен келіспейміз.

1897 жылы Бүкіл Ресейлік халық санағының қорытынды деректері бойынша Қазақстанда 29,5мың өзбек, 2,8 мың түрікмен, 2,6 мың башқұрт, 997 қалмақ, 987 тәжік және тағы басқа ұлт өкілдері тұрған. Сонымен қатар негізінен қоныс аударушылар орыстармен украиндар болса, сонымен қатар XIX ғасырдың 70 жылдарында Қазақстанның солтүстік бөлігіне белорус халықшылдары жер аударылған болатын. Зерттеушілік негізінде әскери құрама ретінде немістердің де келуі де көптеп кездескен. 1897 жылғы санақ бойынша немістердің саны артып Қазақстанның және оған шекаралас жатқан қалалардағы немістер саны 7 мыңға жуықтады. Ресейдің ішкерлес территориясынан келген поляктар, мордволықтар және тағы басқа аз санды халықтардың келіп қоныстанған болатын [4,29 –б].

Қазақ қоғамындағы саяси – потестарлық институттардың тарихын зерттей келе оның ұлттық сипатта бір орталыққа бағынған мемлекеттің тарих саханасына келуі, сонымен қатар ол алғаш қалыптасқан уақыттан бері даму эволюцияларына ұшырап, пайда болуы, қалыптасуы, ұзақ жылдар бойы биологиялық тұрғыда сіңірілуі, гүлденуінен өткен кезеңдерін, өткізген әлеуметтік құрылымы өзіндік сатымен дамып келді. Осы тұста профессор Жамбыл Артықбаевтың «XIX ғасырдың 40 шы жылдарына дейін көнеден алатын тамырын үзбей бір бәйтеректей өмір сүрген мемлекет» деген пікірін айта келе қазақ даласында саяси - потестарлық билік бастауын қазақ топырағында өмір сүрген ру тайпалардың тарихынан бастау алады деген пікірге келеміз [5, 96-б].

Қазақ қоғамының түбегейлі өзгерістер қатарына жататын тағы бір жайт - ол өлке тұрғындарының 90%-ынан астамының ауылдық жерлерде қоныстануы еді. Олардың негізгі кәсібі ежелден келе жатқан мал шаруашылығы болатын. Сонымен қатар, XX ғасырдың басында егіншілік халықтың көп бөлігінің негізгі кәсібіне айналды. Қоныс аударған орыс шаруаларынан басқа, егіншілікпен жергілікті қазақтар да қарқынды түрде айналысты. 1897 жылғы санақ бойынша, өлке халқының 55,4%-ы егіншілікпен шұғылданған. Сонымен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік - демографиялық ахуалға талдау жасаған кезде, жалпы өлкедегі патшанын, отарлау саясатының кең белең алғандығын еркін аңғаруға болады: біріншіден, Өлкедегі халықтың көп ұлтты құрамының қалыптасу үрдісі күшейе түсті; екіншіден, байырғы халықтың үлес салмағы кеміді де, келімсек халықтық, негізінен алғанда, орыстар мен украиндардың үлесі өсті; үшіншіден, қалалар мен олардағы халықтың біршама өсуі байқалып, оның құрамында метрополияның басқа аймақтарынан келген қоныс аударушылар мен отаршылдық, әкімшілік пен кәсіпкерлікке байланысты әлеуметтік жіктер мен топтардың басымдылығы толық аңғарылады деуге болады [6,85-б].

Қазіргі кезде дүние жүзінде көптеген мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлуді қажет етеді. Сондықтанда этносаралық қатынастар әр алуандығымен ерекшеленеді. Көп ұлтты мемлекеттің маңызды міндеті - ұлтаралық қатынастарды оптимизациялау. Халықаралық қатынастар субъектілерінің өзара әрекет етуінің ең қолайлы нұсқаларын іздестіру және жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан қазіргі кезде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында ғана емес, дүниежүзілік деңгейде де көп этносты және көп конфессиялы елдер қатарына жатады.

Этностың әртүрлі компоненттерінің өзгеруінен рухани және материалдық мәдениеттің жеке элементтерімен тіл және әлеуметтік құрылымдар жағынан да тарихи даму барысында этникалық процестер атауына ие болады. Этникалық қоғамның өзгеруі немесе этникалық процестер адамзаттың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымен бірге жүріп бір-бірімен тығыз байланысты болады. Бұл өзгерістерді тудыратын процестер этникалық қауымдастықтың жақтарына әсер етуі әр түрлі болады. Алғашқы қауымдық құрылыстан

қазіргі кезеңге дейінгі қоғамдық тарихи формацияның ауысып отыруына байланысты болып оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, тарихи оқиғалық кезеңдерді де қарастыруымыз керек.

Төзімділікті қалыптастыратын қазақ халқының өзіндік әлеуметтік нормаларын, дәстүрлері мен жоралғыларын жалпы адамзаттық мәні бар мәдениеттің материалдық емес мұралары ретінде қарастыруымыз қажет. Сондықтан да жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру барысында негізгі мақсат ретінде – тарихи танымды тұтас, жағымды және қоғамды біріктіретін мағынада қабылдауға жағдай жасау. Тарих - қазақ тарихы, қазақ қоғамы, оның этногенезі толыққанды, яғни мыңдаған жылдар бойы үздіксіз жүрген үрдіс түрінде оқытылып және де маңыздылығына сәйкес зерттелуі тиіс [7,36-6].

Этносаралық қатынас негізінде өзара әрекет жасайтын халықтардың дәстүрлі түсіністігінде, көзқарасындағы, мүддесіндегі, дәстүрі мен құндылықтарындағы ерекшеліктер қақтығысы орын алады, сондықтан да арнайы моральдық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-құқықтық реттеуді, тікелей этносаралық байланыс саласында әлеуметтік бақылау жүргізуді қажет етеді. Қарым-қатынас мәдениеті ұлттық-мәдени дәстүрлерден тыс, өздігінен өмір сүрмейді. Ол аталған қоғамдастықтың жалпы мәдениеті контекстінде жүзеге асады. Сондықтан, ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениеті ұлттық мәдениеттердің бір бөлігі болып табылады. Қызметтік тұрғыда ол адами қарым-қатынастардың мәдениетімен байланысты. Ол белгілі бір дәуір мен белгілі бір қоғамға тән қасиеттермен сипатталады.

Бірте бірте Қазақстан өзінің даму жолына түсуде, сонымен қатар, өзінің біртектілігі мен тұтастығын сақтай отырып, сол жолмен жүру қабілетін де қалыптастырып келеді.

Жаһандану тұсындағы қазақ ұлтының болмысына әртүрлі деңгейде ықпал етуде. Этностарға ішкі ұлтаралық ахуалдың да, тарихи отандарының да ықпалы болғаны белгілі. Біртұтас Қазақстандық қоғамдағы күнде өзгеріп тұратын күрделі ұлтаралық мәселелерді біржола шешу жолында аянбай күш жұмсап, ұлтқа қызмет етіп, әртүрлі кикілжіңдердің яғни, оның реттелуіне ақылдың, сананың, рухани адамгершіліктік қасиеттердің болуы, қоғамның, мемлекеттің, әр азаматтың күнделікті парызы деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Алматы «Социнвест», Москва «Горизонт», 1995. - 320 с.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, Санат, 1994.- 416 бет.
3. Әбдіразақов Т. Қазақстанның Ресейге қосылуының ауыр зардаптары. Қазақ тарихы. 1995. №2. 39-41 бб.
4. Россия. Полное географическое описание нашего отечества: Настольная и дорожная книга для русских людей: [В 19-ти т.] / Под ред. В. П. Семенова и под общ. руководством П. П. Семенова. Т. 18: Киргизский край: [Уральская, Тургайская, Акмолинская и Семипалатинская обл.] / Сост. А. Н. Седельников, Л. П. Осипова, А. Н. Букейхапов [и др.]. - 1903. - VIII, 479 с.: ил., карт.; 6 л. ил., карт.
5. Артықбаев Ж.О. Қазақ мемлекетінің тарихындағы төре институты және төре сөзінің мағынасы туралы. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы. Астана.- 2015.
6. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы: Оқулық / Қ.С.Қаражан, Ж.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Қ.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев; Ред. басқ. Қ.С.Қаражан. — Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 302 бет.
7. Токаев К.К. Векторы внешней политики. Европейское направление. Кн.2. – Алматы, ИД «Жибек жолы», 2008. – 208 с.

ӘОЖ 9. 94

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА РЕСЕЙ-ҚЫТАЙ САУДА САТТЫҒЫНЫҢ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ